

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№108 (9170) | 1953 жылғы 31 май Жексенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Идеологиялық жұмыс партияның ең бірінші дәрежелі міндеті болып табылады, бұл жұмысты жете бағаламау партия мен мемлекет мүдделеріне ойсыраған зыян келтіруі мүмкін. Социалистік идеологияның ықпалын қандай да болса бәсеңсіту буржуазиялық идеологияның ықпалын күшейту деген сөз екенін біз әрқашан есте ұстауымыз керек.

Г. МАЛЕНКОВ.

Лекциялық насихаттың дәрежесі жоғары болсын

И. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты дәншіпандық шығармасында, партияның XIX съезінің тарихи қарарларында елімізде коммунистік қоғам орнатудың ұлы программасы берілген. Бұл тарихи документтерде белгіленген аса зор міндеттер партия ұйымдарынан идеологиялық жұмыстың бүкіл үстотінін барған сайын жақсарту беруді талап етеді.

«Идеологиялық жұмыс партияның ең бірінші дәрежелі міндеті болып табылады, — деді Г. Маленков жолда партияның XIX съезіне жасаған есеңгі баяндамасында, — бұл жұмысты жете бағаламау партия мен мемлекет мүдделеріне ойсыраған зыян келтіруі мүмкін. Социалистік идеологияның ықпалын қандай да болса бәсеңсіту буржуазиялық идеологияның ықпалын күшейту деген сөз екенін біз әрқашан есте ұстауымыз керек».

Лекциялық насихат идеологиялық жұмыстың маңызды бір үстотіні болып табылады. Ол коммунистер мен партияда жоқ кадрларымыздың маркстік-лениндік теорияны терең үйренулеріне көмектеседі, қалың бұқараға саяси және ғылыми білімдерді таратады, сөйтіп, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелейді.

Партияның XIX съезінің қарарларын орындай отырып, облыс партия ұйымы лекциялық насихаттың өрісін кеңейту, оның дәрежесін арттыра беру, жөнінде бірқатар жұмыстар істеді. Партия комитеттерінің штаттан тыс лекторлар топтарының құрамы даярлығы мол коммунистер есебінен толықтырылды. Олардың жұмысына нақтылы басшылық жасалатын болды. Партия ұйымдары саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы бөлімшелері мен лекциялық бюроның жұмыстарына талапты күшейтті. Осының нәтижесінде оқылатын лекциялардың саны көбейді, сапасы анағұрлым жақсарды. Соңғы 7—8 айдың ішінде партия комитеттерінің лекторлары 800-ден астам лекциялар, оның ішінде И. В. Сталин

митеті жыл бойы штаттан тыс лекторларды жыйып, олардың лекцияларының текстің бірде-бір рет талқылаған емес. Міне, сондықтан да бұл ауданда штаттан тыс кейбір лекторлардың лекцияны ескірген текст бойынша оқуына таңдануға болмайды.

Бонюхов ауданында штаттан тыс лекторлар тобының құрамы өте аз және өркімнің қызмет бабына қарай іріктеліп алынған. Олардың жұмысына қатаң талап қойылмайды. Аудандық партия комитетінің штаттан тыс лекторы Макаров жолдастың «Совет Одағының Коммунистік партиясы — совет халқының басшы және бағыт беруші күші» деген жауапты тақырыптағы лекцияны текестіз оқуына жол берілген.

Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының бөлімшелері мен лекциялық бюроның жұмысында да зор кемшіліктер бар. Бұларда ауыл-селолық жерлерде оқылған лекциялардың тақырыбы аз, сапасы төмен болып жүр. Демек, бұл ұйымдар ҚКП облыстық партия комитетінің III пленумының қаулысын әлі де болса қанағаттанғысыз орындап отыр.

Лекциялық насихатты кеңінен ұйымдастыру, оның дәрежесін мейлінше арттыру партия ұйымдарының және лекциялық ұйымдардың басты міндеттерінің бірінен саналады. Қалалық, аудандық партия комитеттері бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін ең алдымен лекциялық насихаттың негізгі тұлғасы — штаттан тыс лекторлар тобын іріктеліп алу, оларды тәрбиелеу жұмысын мейлінше жақсартулары керек. Штаттан тыс лекторлар тобының құрамын тек басшы партия, совет қызметкерлерінің есебінен ғана емес, теориялық даярлығы мол қатардағы коммунистер есебінен де көптеп толықтыру қажет. Оқылатын лекциялардың тектері лекторлар тобында талқыланатын болсын. Осылай болған күнде ғана лекциялық насихаттың дәрежесі өскелең талапқа жауап бере алады.

Облысымызда

Жүк тасу жоспарын орындау үшін күрес

Петропавл темір жол бөлімі машинистерінің арасында әрбір локомотивпен тасылатын жүктің тәуліктік мөлшерін бір миллион тоннаға жеткізіп, жүк тасудың жоспарын артығымен орындау үшін социалистік жарыс кеңінен өрістей түсті. Паровозшылар локомотивтің айналымын тездетіп, көп отын үнемдеу үшін күресуде. Үстіміздегі жылдың апрель айында комсомолға паровозшылар Д. Шандыбин, Н. Лесков, П. Белый жолдастар жақсы көрсеткіштерімен ерекше көзге түсті.

Д. Шандыбин апрельде 20 миллион 31 мың тонна жүк тасып, 10810 сом мемлекет қаражатын, 36 тонна көмір үнемдеуге жетісті. Поездан ағытпастан өзінің паровозын айналымға 32 рет берді. Жолда қосымша су алмастан 24 рет сапарға шығып, поезды графикте көрсетілген уақыттан бұрын белгіленген станцияға жеткізіп отырды.

Николай Лесков та Шандыбин жолдастан қалыспай келеді. Ол паровоздың техникалық жылдамдығын едәуір арттырумен бірге, 20 миллион 413 мың тонна жүк тасып, 16 тонна көмір, 9019 сом қаражат үнемдеді.

Май айының өткен 20 күні ішінде Шандыбин, Лесков және Белый жолдастар еңбек қарқынын үдете түсті. Олардың мұндай жақсы көрсеткіштерге жетіп отырған себебі: олар өздерінің мамандығын жақсы көреді, локомотивті әрқашан таза және техникалық сапалы қалпында ұстайды. Онымен бірге, олар өздерінің паровоз бригадалары мүшелерінің арасында саяси-тәрбие жұмысын үнемі жүргізіп, бригаданың әрбір мүшесінің жауапкершілігін арттыра біледі.

21 майдан бастап поездарды жүргізудің жазғы графикті енгізілді. Осы жазғы графиктің енгізілуімен байланысты поездарды құрастырудың жаңа жоспары жүзеге асырылып, локомотивтердің техникалық жылдамдығы және тиелетін жүктердің салмағы артатын болады.

Петропавл паровозшыларының алдында тұрған міндет жазғы график бойынша жұмыс істеп, көрсеткіштердің барлық түрлері бойынша міндеттемені артығымен орындау болып табылады.



Мамлют асыл тұқымды мал совхозының №1 фермасында сыйыр сауу жұмысы механикаландырылған.

СУРЕТТЕ: сауыншы Нурия Әлжанова жолдастың электр қуатымен сүт саууды бақылап тұрған кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Автомобильге орнапылған жылжымалы кітапхана

Облыстық кітапхана колхозшылар мен малшыларды, механизаторларды, МТС, совхоз жұмысшыларын мәдениетті қамту мақсатында автомобильге орнатылған жылжымалы кітапхана ұйымдастырған болатын. Кітапхана газет, журналдармен, кітаптармен, радиомен, шахмат және дойбымен жабдықталған.

Жуырда жылжымалы кітапхана Октябрь ауданындағы Троица селосында болып, онда облыстық мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі Овчинников жолдастар колхозшылар үшін кезіргі жағдай туралы лекция оқыды. Кітапхана қызметкерлері Марьевка селосы үгіт-кол-

Көркемөнершілер үйірмесі жетекшілерінің семинары

Облыстық мәдени-ағарту бөлімі облыс көркемөнершілер жетекшілерінің семинарын өткізуде. Семинар 20 июнге дейін созылады. Мұнда көркемөнершілер үйірмесінің жетекшілері хор, би, драма үйірмелерін қалай басқарып, оны қалай ұйымдастыру жөнінде әртүрлі тақырыптарда лекциялар тындап, жаттығу сабақтарын өтеді.

Семинарға қатысушыларға облыстық драма театрының режиссері О. Штейнберг, артист Трескин, қаладағы көркемөнер үйірмесінің жетекшілері Хрепков, Исимов және басқа жолдастар лекция оқыды.

Семинардың соңында оларға мәдени-ағарту мекемелерінің еңбекшілерді тәрбиелеудегі ролі, халықаралық жағдай және басқа тақырыптарда лекциялар оқылып, баяндамалар жасалады.

ЗОР ҚАМҚОРЛЫҚ

Облысымыздың еңбекшілері жазғы маусымда өздерінің кезекті демалыстарын алып, курорт, санаторий және демалыс үйлерінде тынығуда.

Мәселен, «Комсомолка» тігін фабрикасының тігіншілері Робенко Щучье курортында, Фахрутдинова Щучьенің «Воровьевка» демалыс үйінде және басқа көптеген адамдар курорттар мен демалыс үйлерінде дем алып қайтты.

Сол сияқты, Полудень ауданындағы Малиновка бастауыш мектебінің мұғалімі Қарачун мен Преснов ауданындағы Николаевка мектебінің мұғалімі Әбішев жолдастар Приморьедегі санаторийлерде демалуда.

Бастауыш және орта мектеп қызметкерлерінің облыстық кәсіподақ комитеті жазғы маусымда курорттарда, демалыс үйлері мен санаторийлерде дем алу үшін мұғалімдерге 300-ден астам путевкалар береді.

М. БАЙҚАНОВ.

МАЛДЫ КҮЙЛІ ӨСІРУДЕ

«Востандық» колхозының (Приешім

Советтік Қазақстанда

Институттың колхоздарға көмегі

Қазақ ауылшаруашылық институтының электр қуатын ауыл шаруашылығында қолдану кафедрасы Алматы облысындағы Алматы ауданының Мичурин атындағы колхозының өндірісінде электрді қолдану тәжірибесін қорытты.

Колхоздың жер суару каналында салынған 43 киловаттық шағын СЭС сегізжарым ай бойы толық қуатымен жұмыс істеп, жылдың қалған уақытында электр қуатының төрттен үштендей ғана мөлшерде жұмыс істейді. Колхозда электр тогін төмендететін 4 трансформатор пунктін пайдаланылуда. Электр тогін төмендететін екі трансформатор пунктін көмегімен колхоз өткен жылы егіс қырмандарындағы жұмысты электрлендірді. Электрмен жүргізілген молотиналар 7,5 мың центнер астық бастырып, электрмен жұмыс істейтін астық тазалағыш машиналар біржарым мың тонна астық тазалады. Осы жұмыста колхоз 1200 еңбеккүн, көптеген жанар және жағармай үнемдеді.

Овощ дақылдарының тұқымын бастыруда, бақ шаруашылығының өнімін өңдеуде, шөп сүрлеуде, фермаларда жемшөп өзірлеуде, сүттің майын айыруда, май жасауда, колхоз мастерскойлары электрлендіруде электр қуатын қолданудың нәтижесінде 13 мыңнан аса еңбеккүн үнемделді. Электр қуатын өндірісте пайдалану күн сайын орта есеппен 40 колхозшыны басқа жұмысқа босатып отыруға мүмкіндік берді.

Электр қуатын қолдану еңбеккүн мен жанармай жұмсауда едәуір үнем жасауға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен бірге, колхозшылардың еңбек өнімділігін екі есе арттырды, өнімнің сапасын жақсартты, артельдегі өндірістің жалпы мәдениетін жоғары көтерді.

Институттың кафедрасы колхозға өндіріс жұмыстарын электрлендіруді ұлғайтуға, атап айтқанда, товарлы-сүт фермасында, астық бастыратын қырмандарда комплексті механикаландыруды енгізуге бағытталған шаралар ұсынды, мұның өзі еңбеккүн жұмсауды шамамен екі есе азайтады.

Институт Алматының іргесіндегі «Луч Востока» колхозымен творчестволық ынтымақ договорын жасасты. Осы артель үшін мал фермаларын, астық тазалайтын пункттерді және көмекші кәсіпорындарын комплексті электрлендіруді техникалық жобасы жасалуда.

(ҚазТАІ).

ніндегі еңбегі бойынша 225 лекция оқыды. Бұл лекциялар көбінесе партия оқуы жүйесінде, партияның тарихы мен теориясын өздігінен үйренушілер үшін, насихатшылардың семинарларында ұйымдастырылды. Сонымен қабат, партия комитеттерінің штаттағы және штаттағы лекторлары, саяси және ғылыми білімдер тарататын қоғамның мүшелері, лекциялық бюроның лекторлары Сталиннің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегі мен партияның XIX съезінің материалдары бойынша облыстың кәсіпорындарында, колхоздары мен совхоздарында жүздеген лекциялар оқыды.

Алайда, облыс партия ұйымында лекциялық насихаттың жайы әлі де болса өскелең талаптарға толық жауап бермейді. Партия оқуы жүйесінде еңбекшілер сұқарасы арасында лекциялар әлі де болса аз оқылады. Кейбір оқылған лекциялардың идеялық мазмұны төмен болуы сыяқты фактілер кездеседі. Мұның өзі қаламық, жекелеген аудандық партия комитеттерінің лекциялық насихатқа жете назар аудармай отырғандарын дәлелдейді. Штаттан тыс лекторлар лекциялық насихаттағы негізгі тұлға екені мәлім. Алайда, Петропавл аудандық партия ко-

Кәзір партия оқуы жүйесінде оқу жылын аяқтауға әзірлік көнінен өріс алды. Ауыл-селолық жерлерде партия оқуы жүйесіндегі үйірмелер мен саяси мектептерде қорытынды сабақтар, марксистік-лениндік теорияны өздігінен үйренушілермен теориялық өңгімелер өткізіле бастады. Партия комитеттерінің штаттан тыс лекторлары осы кезде теориялық лекцияларды жиі оқу арқылы коммунистердің және партияда жоқ кадрлардың марксистік-лениндік теорияны терең үйренулеріне көмектесетін болулары керек. Осы сыяқты, олар партия оқуы жүйесінде жаңа оқу жылына әзірлік кезінде насихатшы кадрларын даярлау ісіне зор көмек көрсетуге тиіс.

Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімшесі және облыстық мәдени-ағарту мекемесінің жанындағы лекциялық бюро жергілікті жерлердегі істің жайын нақты білу арқылы лекциялық насихаттың дәрежесін арттыра беру шараларын жүзеге асыратын болулары керек. Партия ұйымдары бұл ұйымдардың жұмысына басшылық пен бақылауды мейлінше күшейтулері керек.

Лекциялық насихаттың өрісі кең, дәрежесі жоғары болсын.

Мәдениет тақырыбына

КОЛХОЗДАҒЫ КӨШПЕЛІ БАЛАЛАР ЯСЛИЛЕРІ

Рыбницк ауданының (Молдавия) Дзержинский атындағы ауылшаруашылық артелінің егіс даласында шағын төрт ұй пайда болды. Оларды бір орыннан екінші орынға оңай көшіріп апаруға болады. Бұл үйлер — колхоз ұстасы Федор Лютенконың бригадасы жасаған көшпелі балалар яслиі. Үйлер-

дің іші жылы, сонымен қатар аспалы кроватьармен жабдықталған. Көшпелі балалар яслиі қос басына және бау шаруашылығы бригадаларына көшіріліп апарылады. Онда балалардың аналары жұмыс істейді. Енді колхозшы әйелдерге жұмысты тоқтатып селоба барудың қажеті жоқ.

(СОТА).

Колхоздың демалыс үйлері

Каратеңіздің жағасында Анапада «Память Ильича» ауылшаруашылық артелінің (Краснодар өлкесінің Марьинск ауданында) колхозшыларының демалыс үйі орналасқан. Өткен жылы онда ауыл шаруашылығының 180 еңбекшісі мен колхозшылардың 90 баласы дем алды. Быйылғы жылы өздерінің демалыс

үйінде кем дегенде 500 колхозшы болады.

Иванов ауданының Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің колхоздық демалыс үйі де курорттық поселке Горючий ключ поселкесінде орналасқан.

(СОТА).

30 мың селолық шайхана және асхана

Кәзір селолық жерлерде 30 мыңға жуық шайхана, асхана, закуочный және буфеттер бар. Олар барлық селолық аудандардың орталықтарында, көптеген ірі селоларда, пристаньдарда, темір жол станцияларында ашылған.

Тұтыну кооперациясы кәзір көпшілікті тамақтандыру кәсіпорындарының

жұмысын жақсарту жөнінде шаралар жүргізуде. Асханалар мен шайханалар мебельмен, жабдықпен, ыдыспен толықтырылуда. Аспазшылардың және шайхана мен асханалардың басшыларының мамандығын арттырудың, оларды даярлау курстары мен семинарлары ұйымдастырылуда.

(СОТА).

СЕЛОДА САУДА ОРЫНДАРЫНЫҢ САНЫ АРТУДА

Тұтыну кооперациясы селода сауда орындарының санын көбейтуде. Еліміздің барлық облыстарында, өлкелерінде және республикаларында жаңа магазиндер, асханалар, шайханалар ашылуда.

Мәдени товарлар, тігілген киімдер, аяқкиімдер, азық-түлік, шаруашылық және басқа товарлар сататын ірі универсал және арнаулы магазиндердің

құрылысы кең түрде жүргізілуде. Бір жылда селолық жерлерде 3200 магазин ашылуға тиіс. Олар тоңазытқыштармен, жетілдірілген қабырғалық шкафтармен, тағы басқаларымен жабдықталады.

Еліміздің селолық жерлерінде тұтыну кооперациясының барлығы 250 мыңнан астам магазині мен дүкені бар.

(СОТА).

В. АХРЕМЕНКО,
Паровоз депосының операторы.

ЖЫЛҚЫЛЫ КОЛХОЗ

Преснов ауданындағы «Баян» колхозы — жылқылы колхоздардың бірі. Бұдан 18 жыл бұрын мұнда небары 29 жылқы бар еді. Бұл күндері колхоз жылқысының саны жүздеп саналады.

Жылқы шаруашылығын өркендетуде колхоз жылқышылары көп еңбек сіңіріп келеді. Солардың бірі Ж. Бошанов жолдас. Ол колхоздың жылқы фермасында істегелі бірнеше жылдар болды. Осы мерзім ішінде ол жемісті еңбек етуінің арқасында қарамағындағы биелердің әрқайсысынан жылма-жыл бір-бір құлын алып, оларды табынға қосты. Бұған Бошанов жолдасының быйылғы жылғы қол жеткен табысының өзі толық айғақ бола алады. Ол быйыл қарамағындағы 110 биеден 110 құлын алып, оны шығынсыз өсіріп жүр.

Колхозда жылқылардың жазғы жайылымы жақсы ұйымдастырылған. Жылқыны жайып бағуда жылқышылар аябай еңбек етуде. Олардың бөрінің мақсаты біреу-ақ. Ол — қарамағындағы жылқыларды шығынсыз, күйлі өсіріп, туған колхозының қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендету ісіне бағалы үлес қосу. Жылқышылар мақсатына жетеді де. Бұған олардың еңбектегі кәзіргі үлгілі істері кепіл.

К. ИМАНОВ.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАРЫСҚА ӘЗІРЛІК

Қаладағы № 2 темір жол училищесінің оқушылары еңбек резервтерінің жеңіл атлетикадан болатын республикалық жарысына әзірленуде.

Олар жүгіру, секіру, ядро лақтыру және жеңіл атлетика спортының басқа түрлерінен жаттығулар жүргізуде.

Гранат лақтырудың отличниктері Николай Семейкин мен Павел Васильев гранатты 65-68 метрге лақтырып, жақсы нәтижелер көрсетті.

А. РАМАЗАНОВ.

активінің күшімен концерт берді. Сонымен бірге, жылжымалы кітапхана Октябрь совхозының № 2 трактор бригадасында болды, мұнда дауыстап газет оқу, өңгімелер және шахмат ойындары ұйымдастырылды және кәзіргі жағдай туралы лекция оқылды.

Мұнан кейін кітапхана совхоздың № 1 трактор бригадасы мен Коновалов селосындағы № 6—7 бригадаларда болып, Ленин ауданына келді. Бұл ауданның Леонидовка селосында, «Мир», «1 Май», «Славянка» колхоздарында болды.

Е. ПУТИНЦЕВА.

Редакторлардың кеңесі

29 майда Қазақстан КП облыстық комитетінің насихат және үгіт бөлімі аудандық газеттер редакторларының біркүндік кеңесін өткізді. Кеңесте ҚКП обкомінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Рымжанов жолдас аудандық газеттердің жұмысы және оны жақсарту беру міндеттері туралы баяндама жасады. Сонымен қатар, кеңеске қатысушылар аудандық газеттерде партия тұрмысы, мәдени-тұрмыстық мәселелерді жазу, ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибесін насихаттау, газеттерді көркемдеу техникасы туралы қосымша баяндамалар тыңдады.

Кеңестің соңында аудандық газеттердің редакторлары сөз сөйлеп, өзара тәжірибе ауысты.

ҮНЕМІ БІРЖАРЫМ НОРМА

Аманкелді атындағы колхоздың (Совет ауданы) егіс даласында жұмыс істейтін трактор бригадасында И. Бровко, А. Жәмәлиев сыяқты механизаторлар өз тракторларымен егіс жұмыстары басталғалы өнімді жұмыс істеді.

Аталған механизаторлар пар жыртуда да сменалық норманы үнемі 150 процентке дейін асыра орындап, өздерінің үлгілі ісімен көзге түсулі.

Кәзір колхозда 200 гектардан астам пар жыртылды. Жыртылған пардың сапасы өте жақсы.

Қ. ӘБИЛОВ.



СУРЕТТЕ: Петропавлдағы А. И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының жұмысшылары мен қызметкерлері үшін салынған Сталин көшесіндегі жаңа тұрғын үй. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Ғалымдар мен өндірісшілердің творчестволық ынтымағы

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Өскеменнің мырыш заводында инженер-техник қызметкерлер мен қаладағы ғылыми мекемелер өкілдерінің кеңесі болып, ғалымдар мен өндірісшілердің комплексті бригадаларының жұмыс қорытындысын талқылады. Кәзір заводта осындай алты бригада жұмыс істеуде.

Техникалық ғылымның кандидаты Сергеев жолдас басқаратын творчестволық ынтымақ бригадасы электр қуатын жұмсауды азайтудың тиімді шараларын ойдағыдай белгілеуде.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Алтай ғылыми-зерттеу институтының қызметкері, техникалық ғылымның кандидаты Хан жолдас басқаратын комплексті бригада мырыш өндірісінің технологиялық процестерінің бірі ауыр болу себебін анықтап, металлургиялық еңбегін едәуір жеңілдететін шаралар ұсынды.

Институттың қызметкерлері Заплавный, Рогова, Саламатов жолдастар кәсіпорнының инженерлерімен бірлесе отырып, завод стахановшыларының тәжірибесін басқа жұмысшылардың арасына тарату үшін зерттеп, қорытуға кірісті.

Колхозшы Зенкиннің астық тазалайтын агрегаты

СЕМЕЙ (ҚазТАГ). Облыстың егіншілері егін жыйнауға кеңінен әзірленуде. Колхоздарда, совхоздарда, МТС-тер мен ММШС-терде машиналар жөнделіп, жұмыс жоспарлары, егін жыйнау графиктері жасалуда. Селолық рационализаторлар мен өнертапқыштар да егін орнына әзірленіп жатыр. Ново-Шульба ауданының Киров атындағы колхозының ағаш ұстасы Иван Андреевич Зенкин өте ыңғайлы астық тазалайтын агрегат жасады. Ол әдеттегі үш веялақтың негізгі тораптарын алып, бірінің үстіне бірін орнатып, тұтас жақтаумен біріктірді. Арнаулы бункер арқылы астық өздігінен жоғары көтеріліп, онда толық тазаланып өткеннен кейін өздігінен автомашинаға тиеледі. Мұндай агрегат сағатына 6 тонна астық тазалайды. Онда төрт адам ғана жұмыс істейді.

Иван Зенкиннің астық тазайтын элеваторы сыннан өтіп, жоғары баға алды.

Жаңа мектептер салынуда

Қаратау кен-химия комбинатының поселкесінде екінші орта мектеп салына бастады. Оның құрылысына біржарым миллион сом қаржы жұмсалады. Алдағы күзде фосфортшылардың 800 баласы жаңадан салынған екі қабат үйдің іші жарық, кең кластарында оқуға кіріседі.

Басқа облыстарда да жаңа мектептер салу жұмысы өрістей түсті. Быйыл республиканың оқу министрлігі және басқа ведоместер тағы да 44 мектеп салады. Селолық жерлердегі өз инициативасы бойынша бірінші кезеңде 100-ден аса мектеп сал.

Саяси экономияны өздігінен үйренушілерге көмек

Өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына міндетті сәйкестігінің заңы

Өзінің қызметінде Совет Одағының Коммунистік партиясы қоғамның материалдық өмірін дамытудың нақтылы қажеттерін есепке алып отырады. Партияның бұл қажеттерді мерзімінде есепке алып, оны қанағаттандыру күресіне еңбекшілерді белсене жұмылдыра білудің себебі — ол ең алдымен өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына міндетті сәйкестігінің объективтік заңын басшылыққа алады. Ал, бұл экономикалық заңның маңызын И. В. Сталин өзінің «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген атақты еңбегінде барлық жағынан терең талдап берді.

Өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына міндетті сәйкестігінің заңы өткен ғасырдың ортасында Маркс пен Энгельс ашқан, жаңа тарихи жағдайларда Ленин мен Сталин одан әрі дамытқан тарихи материализмнің аса бір маңызды заңы болып табылады.

Марксизм классиктері қоғамдық өндірістің бірі бірінен ажырамайтын, байланысты екі жағы бар екенін атап көрсетті. Оның бір жағы — өндіргіш күштер. Өндіргіш күштер адамдардың материалдық игіліктерді өндірудегі табиғат күштеріне қарсы күресін, олардың табиғатқа қатнасын бейнелейді. Қоғамдық өндірістің екінші жағы — өндірістік қатнастар. Өндірістік қатнастар материалдық игіліктерді өндіру процесіндегі адамдардың бір-біріне қатнастарын білдіреді.

Маркс пен Энгельс қоғамдық өндірісте адамдар өздерінің еркінен тәуелсіз, белгілі бір қажетті материалдық қатнастарға — өндірістік қатнастарға араласатындығын айта келіп, қоғамдағы өндіргіш күштердің одан әрі дамуы өндіргіш күштер мен сол дәуірдегі өндірістік қатнастар арасындағы қайшылыққа әкеліп соғатындығын, өндірістік қатнастар өндіргіш күштерді дамыту формасынан олардың бұғауына айналатындығын атап көрсетті. Мұның өзі қоғамды әлеуметтік революцияға бастайды деп қорытты олар.

Маркс пен Энгельстің бұл қағидаларын Ленин мен Сталин өздерінің еңбектерінде бұрынғыдан әрі дамытты.

Көптеген жылдар бойына марксистер-лениншілер өндірістік қатнастар шындығында адамдардың өздері келісіп жасаған саналы қатнастары болып табылды деп уағыздап келген В. Адлер, А. Богданов сияқты идеалистерге қарсы күрес жүргізді. В. И. Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында бұл жалған «теорияның» құл-талқан етіп қыйрат

кес өндірістік қатнастарды талап ететіндігінде. Өндіріс тәсілінің бұл екі жағы қоғамдық өндірістің мазмұны мен формасы ретінде бір-бірімен тығыз байланысты. И. В. Сталиннің өндіргіш күштер мен өндірістік қатнастардың бірлігі туралы бұл қағидасы тарихи материализмді бұрмалаған жоғарыда көрсетілгендей әр түрлі жат «теорияларға» күйрете соққы берді.

Өндірістік қатнастардың өндіргіш күштерден кейін қалуы барлық қоғамдық формацияларда болады, бірақ, ол артта қалушылық арқашан және барлық жағдайда өндіргіш күштер мен өндірістік қатнастар арасындағы жанжалға соқтырмайды. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатнастар арасындағы жанжал тек таптық антагонистік қоғамда болуы сөзсіз, өйткені, онда өшуші таптар өндіргіш күштердің өркендеуіне бөгет болып отырған ескірген өндірістік қатнастарды сақтауға тырысады. Ескірген өндірістік қатнастарды жойып, оның орнына жаңа өндірістік қатнастарды орнату үшін ескі өндірістік қатнастарды сақтауға тырысатын өшуші таптарды құлату қажет. Өшуші таптарды күшпен құлату экономикалық қажет болып табылады, өйткені, мұндай төңкеріссіз өндіргіш күштердің одан әрі өркендеуіне кең өріс болмайды.

Өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына міндетті сәйкестігі заңының негізгі белгілері мен талаптары міндетіндей. Бұл объективтік заңның талаптарының бұзылуы өндіргіш күштер мен өндірістік қатнастар бірлігінің бұзылуына әперіп соғады, тұтастай алғанда өндірістің күйреуіне, дағдарысқа ұшырауына, өндіргіш күштердің күйреуіне әкеліп соғады.

Кәзіргі капитализм өндіргіш күштер мен өндірістік қатнастар арасындағы күшті жанжалдың айқын көрінісі болып отыр. Өйткені, өндірістік процестің қоғамдық сыйпаты капиталистік иемденудің жеке меншіктік формасымен сыйыспайды.

Ал, ССРО-да өндірістік қатнастар өндіргіш күштерге толық сәйкес болып отыр. Өйткені, өндірістік процестің қоғамдық сыйпаты бізде өндіріс құралдарына қоғамдық меншікпен қуатталып отырады. Бұл өндіргіш күштердің үздіксіз, тез және мықтап өркендеуіне жол ашады.

Біздің бұрынғы философиялық және экономикалық әдебиеттерімізде өндірістік қатнастардың өндіргіш күштердің сыйпатына толық сәйкестігі тек социализм тұсында ғана болады, ал, бұрынғы формацияларда толық емес сәйкестік болды деген ұғым тарайды.

Өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына міндетті сәйкестігінің заңы бір қоғамдық формацияның екінші қоғамдық формацияға алмасуының себептерін түсіндіреді, бір қоғамдық құрылыстан екінші қоғамдық құрылысқа өтудің шарттарын белгілейді. Осы заң негізінде әрбір формацияның өркендеуінің түрлі сатыларында базис пен қондырманың функцияларын да түсінуге болады.

И. В. Сталин базис қоғамды экономика жағынан қамтыйды, базис адамдардың өндірістік қатнастарының жыйынтығынан құрылады деп үйретеді. Қоғамның өндірістік қатнастары ескіріп, өндіргіш күштердің сыйпатына сәйкес келмей, оның базисі қоғамды экономика жағынан қамтуға жарамсыз болып шықса, ескі қоғамның ішінде өскен жаңа өндіргіш күштер мен оның өркендеуіне кедергі болатын өндірістік қатнастар арасында қайшылық-жанжалға бастап алып келген болса, бұл ескі базисті жою керек деген сөз, тек сонда ғана қоғамның одан әрі өркендеуі мүмкіндігі туады.

Біздің заманымызда тарихи прогресс жолында өте үлкен кедергіге айналған капитализм базисін жою объективтік қажеттілік болып отыр. Капитализмнің өндіргіш күштері мен өндірістік қатнастары арасындағы қайшылық капитализмнің алғашқы дамып бастаған дәуірінің өзінде-ақ пайда болған еді. Ал, монополистік капитализм дәуірінде оның өндіргіш күштері мен өндірістік қатнастары арасындағы қайшылық айырықша шиеленісті. Капитализмнің негізгі — еңбек пен капитал, үстемдік жүргізіп отырған ат төбедіндегі «цивилизациялы» ұлттар мен отар және тәуелсіз елдердің жүздеген миллион еңбекшілері, дүниені қайта бөлу үшін күрес жүргізіп жатқан империалистік мемлекеттер арасындағы қайшылықтары — капитализмнің өндіргіш күштері мен капиталистік өндірістік қатнастардың тар шеңбері арасындағы жанжалдың белгісі. Бұл жанжалдың айқын бейнесін экономикалық кризистер мен капиталистік елдер арасындағы қырғын соғыстардан көруге болады. Кризистер мен империалистік соғыстар өндіргіш күштерді мықтап қыйратады. Мәселен, 1929—1933 жылдардағы дүниежүзілік экономикалық кризистің кезінде ғана капиталистік елдерде 1929 жылғы дәрежесінен 276 миллион тонна құрыш кем қорытылып шығарылды. Осының салдарынан қоғам 800 мың километрлік темір жол салуға жететін металдан айырылды. Темір жолдардың бұл ұзындығы жер шарының барлық теміржолдарының жалпы

зінде Сталин жолда азаттық қозғалыстың басты жауы — буржуазияның өзі басқаша болып, түп негізінен мықтап өзгергені, неғұрлым реакцияшыл күшке айналғанын, сөйтіп, өзік өзі әлсіреткенін атап көрсетті. Бұл жағдай капитал елдеріндегі коммунистік және демократиялық партиялардың жұмысын жеңілдетпей тұра алмайды. Бұл партияларға әлі де болса буржуазиялық өзбірлік заңдардың табаны астында жұмыс істеуге тура келетініне қарамастан, олардың табысқа жетуіне толық негіз бар.

Бұдан бұрын бізде кейбір экономистер мен философтар социализм тұсында өндірістік қатнастар мен өндіргіш күштер арасында толық сәйкестік болуы себепті социалистік өндірістік қатнастардың өндіргіш күштерден ешқандай кейін қалып қоюшылығы болмайды деген қате пікірде болды.

И. В. Сталин «толық сәйкестік» деген сөздерді абсолюттік мағынада түсінуге болмайды деп үйретті. Социализм тұсында да өндіргіш күштер өндірістік қатнастардан талассыз ілгері жүріп отырады. «Толық сәйкестік» деген сөздерді социализм тұсында іс дағдыда өндірістік қатнастар мен өндіргіш күштер арасындағы дау-жанжалға жіберілмейді, артта қалып бара жатқан өндірістік қатнастарды өндіргіш күштер сыйпатына деркезінде сәйкестеуге қоғамның мүмкіндігі бар деп түсінуге керек. Социализм тұсында қызмет етіп отырған өндірістік қатнастарды жойып, оның орнына жаңа қатнастар орнату қажет болмайды. Мұнда ескірген өндірістік қатнастардан ұстап айырылмайтын өшуші таптар жоқ. Өрине, өндірістік қатнастарды өзгертудің қажеттігін түсінбейтін артта қалған жеке элементтер болады. Бірақ, мұндай артта қалған жеке элементтердің әрекеттерін істі дау-жанжалға жібермей-ақ қоғам тойтарып отырады.

Алайда, бұдан социалистік қоғамды өркендетуге туатын қайшылықтар өзінен өзі жойылады деген ұғым шықпайды. Шынында өндірістік қатнастарды өндіргіш күштердің өсуіне сәйкестен отыру үшін саналы күш жұмсау керек, партияның және партия басқарған миллиондаған еңбекшілердің саналы қызметі керек.

Біздің елімізде өндіргіш күштер мен өндірістік қатнастар арасындағы туып отырған қайшылықтар партия мен мемлекет органдарының дұрыс саясаты арқасында дау-жанжалға жіберілмейді. Сондықтан «басшы органдар

ССРО Министрлер Советінде

ССРО Министрлер Советі Германиядағы Совет Бақылау Комиссиясын тарапып, Совет әскерлерінің бас қолбасшысын Герман Демократиялық Республикасында бақылау міндеттерінен босатып, оның қызметін Германиядағы Совет әскерлеріне қолбасшылық етумен қалдыруға қаулы алды.

Министрлер Советі тұрақты орны Берлинде болатын Германиядағы ССРО-ның Жоғарғы комиссарының міндетін тағайындауға қаулы алып, оған Германиядағы Совет Одағының мүдделерін қорғауды және Германиядағы одақтас мемлекеттердің Потсдам қарарларынан

туатын міндеттемелерді орындау тұрғысынан Герман Демократиялық Республикасының өкмет орындарының жұмысын бақылап отыруды, сол сияқты, Германия туралы тәрт мемлекеттің келісіп қабылдаған қарарларынан туатын жалпыгермандық сыйпаты бар мәселелер бойынша АҚШ, Англия және Францияның оккупацияшыл өкмет орындарының өкілдерімен тиісті байланыс жасап отыруды тапсырды.

Германиядағы ССРО-ның Жоғарғы комиссары болып елші В. С. Семенов тағайындалды.

Австриядағы Совет информация қызметінің хабары

ВЕНА, 29 май. (СОТА). Австриядағы Совет информация қызметі кеше хабар жариялаған, онда былай делінген: «ССРО-ның Австриядағы Жоғарғы комиссары генерал-лейтенант В. П. Свиридов канцлер Юлиус Раабты қабылдап, оған төмендегідей мәлімдеме жасаған:

«Совет Үкметі, Австриядағы бұрынғы герман активі ретінде ССРО-ның меншігіне көшкен «Ибс-Персенберг» су электр станциясы құрылысының активтерін Австрия үкметіне сату жөніндегі Австрия үкметінің ұсынысын ізгі ниетпен қарап, Австрия экономикасына

қажет болып отырған электр станция құрылысын тездетуге көмектесу мақсатымен өздері ұсынған шарттарға сәйкес жоғарыда көрсетілген активтерді сату туралы Австрия үкметінің өтінішін қанағаттандыруды ұйғарды.

Австрия үкметінің өкілдерімен бірге тиісті шартқа қол қоюды совет жағы Австриядағы Совет мүлкі Басқармасына тапсырды».

Жоғарғы комиссар В. П. Свиридов пен федералдық канцлер Юлиус Рааб сол сияқты, екі жақты да мүдделі етіп отырған кейбір басқа мәселелерді талқылады».

Кореядағы оқығалар

Халық армиясы бас командованияесінің хабары

ПХЕНЬЯН, 29 май. (СОТА). Корея Халық - Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованияесі бүгін Халық армиясының бөлімдері өткен күні қытай халық еріктілерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, орталық майданның жекелеген учасктерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізді деп хабарлады.

Кеше түнде американ авиациясы Хванхэ провинциясындағы бейбіт селолық аудандарды айуандықпен бомбалады. Көптеген шаруалар қазаға ұшырады. Көптеген үйлер мен жер үйлер қыйрады.

Бүгін Халық армиясының зенит бөлімдері дұшпанның екі самолетін атып түсіріп, бес самолетін зияндады.

Италиядағы парламент сайлауы алдында

РИМ, 29 май. (СОТА). «Унита» газетінің хабарына қарағанда, Пальмиро Тольятти кеше Кунеода сайлау алдында болған митингіде сөз сөйлеген. Ол сайлаушыларды өзінің бұрынғы дәстүрінен бастартып және өзіне тиімсіз клирикал партиясымен одақ жасаған либерал партиясының басшыларын әшкереулеуге шақырған.

зорлық-зомбылық әрекеттері туралы хабарлайды. «Аванти» газеті Фодждың бір провинциясында ғана өкмет орындары коммунистер мен социалистерден сайланған жеті мәрді орнынан алған. Осы әрекеттерге қарсы наразылық білдірудің белгісі ретінде Фодж провинциясының 368 тұрғын адамы социалистер партиясының қатарына кірген.

«Бүгін, — деген Тольятти, — елді басқаруға еңбек күшіне жол ануға тырысқан адам ғана нағыз либерал болып есептелінеді. Американд империализмінен ұлттық тәуелсіздікті қорғауға қабілетсіз болып отырғанындай, либерал партиясының басшыларының

РИМ, 29 май. (СОТА). Анса агенттігінің хабарынан көрініп отырғанындай, Италияның халық бұқарасы неофашистерге батыл соққы беруде. Мәселен, Тревизо қаласының халқы сайлау алдындағы митингіде сөз сөйлеуге тырыс

ты. Адамдардың арасында өзара саналы қарым-қатнастары болғанымен, деп көрсетті Ленин, олар ешқашан өздерінің қоғамдық қатнастарын өз еркімен, саналылық арқасында жасап құрады деп түсінуге болмайды. Қайта керісінше, өндірістік қатнастар материалдық қатнастар болуына байланысты адамдардың санасынан тәуелсіз құрылады.

В. И. Лениннің бұл қағидалары И. В. Сталиннің еңбектерінде бұрынғыдан әрі дамытылды. Сталин жолдас меньшевик-идеалистердің өндірістік қатнастарды өндіргіш күштерден бөле қарап, іс жүзінде өндірістік қатнастардың материалдылығын мойындамаған зиянкестік теорияларын талқандады. Сонымен бірге, Сталин жолдас өндірістік қатнастарды өндіргіш күштермен бір деп қарауға тырысатын, өндірістік қатнастарды өндіргіш күштердің ұйымдастырушысы ғана деп есептейтін концепцияларға күйрете сөккі берді. Бір кездерде богдановшылар, бухариншілер уағыздаған бұл «теория», біріншіден, өндірістік қатнастардың әлеуметтік мазмұнын жоюға, таптарға бөлінген қоғамда өндірістік қатнастардың таптық сыйпатын бұрқытуға, екіншіден, өндіргіш күштерді дамытуда өндірістік қатнастардың белсенді ролін мойындамауға әкеліп соғады. Бұл идеалистік жалған «теорияны» Л. Ярошенко қайта тірілтуге әрекеттенді. Ол социализм тұсындағы өндірістік қатнастарды өндіргіш күштердің бір бөлегі деп жариялады. Ол өндірістік қатнастардың қандай да болса дербес ролі жойылады деді. Өндірістік қатнастар дамытудың елеулі факторы болудан қалады және олар бөлшектің бүтінге енетіні сияқты өндіргіш күштердің бір бөлшегі болады деп есептеді.

И. В. Сталин жолдас өзінің «Диалектикалық және тарихи материализм» деген еңбегінде өндіргіш күштер қоғамдық өндірістің неғұрлым қозғалмалы және революцияшыл элементі болғандықтан өндірістің өзгерістер мен даму арқашан өндіргіш күштердің, ең алдымен, өндіріс құрал-жабдықтарының өзгерістерінен және дамуынан басталатындығын терең дәлелдеді. Ең алдымен қоғамдағы өндіргіш күштер өзгеріп дамыды, ал, содан кейін осы өзгерістер мен дамуға байланысты және оларға сәйкестене адамдардың өндірістік қатнастары өзгереді. Солай болса, деп көрсетеді Сталин жолдас, өндіргіш күштер өндірістің неғұрлым қозғалмалы және революцияшыл элементі ғана емес, сондай-ақ, оның дамуының шешуші элементі болады. Өндірістік қатнастар арқашан өндіргіш күштердің даму дәрежесі негізінде олардың сыйпатына қарай құрылады.

Өндіргіш күштер мен өндірістік қатнастардың бірігі, олардың өндірістің қажетті өкі жағы болып табылатындығында ғана емес, олардың бірлігі сонымен қатар өндіргіш күштердің өздерінің сыйпатына сәй-

экономикалық проблемалары» деген еңбегінде бұл көзқарастың дұрыс емес екендігін ашты және өндірістік қатнастардың өндіргіш күштердің сыйпатына міндетті сәйкестігінің заңы барлық формацияларда адам қоғамының прогрессивтік дамуының шарты болып табылатындығын көрсетті: «Буржуазиялық революциядан кейінгі заманда, — деп жазды Сталин жолдас, — буржуазия феодалдық өндірістік қатнастарды қыйратып, буржуазиялық өндірістік қатнастарды орнатқан кезде, буржуазиялық өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына толық сәйкес келген дәуірлері сөзсіз болған. Әйтпесе капитализм буржуазиялық революцияға дейін дамығанындай жедел дамып алмас еді» («ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары», қазақшасы, 52-бет).

Өндіргіш күштердің сыйпатына сәй келетін жаңа өндірістік қатнастар орнату қоғамның өндіргіш күштерінің онан әрі мықтап өркендеуінің негізгі шарты болып табылады. Өндірістік жаңа қатнастар, И. В. Сталин атап көрсеткендей, өндіргіш күштердің одан әрі дамуын шешетін ең басты және негізгі күш болып табылады, өндірістік қатнастар өндіргіш күштердің негізгі қозғаушысы ролін атқарады.

Бірақ, жаңа өндірістік қатнастар өмір бойы жаңа болып қала бермейді, біраз уақыттан кейін олар ескіріп, өндіргіш күштердің дамуына бөгетке айналады, міне, сол кезде олар жаңа өндірістік қатнастарға орын беруге тиісті. «Өндірістік қатнастардың осындай өзгеше дамуы—өндіргіш күштердің кедергісі болу ролінен олардың алға апаратын басты қозғаушы болу роліне қарай және басты қозғаушы ролінен өндіргіш күштердің кедергісі болу роліне қарай дамуы,—марксистік материалистік диалектиканың басты элементтерінің бірі болып табылады»—деді Сталин жолдас. (Сонда, 64-бет).

Егер біз, деді И. В. Сталин, 1917 жылғы Октябрьде ескі капиталистік өндірістік қатнастарды жаңа, социалистік өндірістік қатнастармен өзгертіпеген болсақ, ССРО-ның өндіргіш күштері құлаш сермен өркендей алмаған болар еді. Өндірістік қатнастардың бұл өзгерісіне біздің өнеркәсібіміздің өндіргіш күштері кәзір капиталистік елдерде қатып-сөміп отырғаны сияқты бізде де қатып-сөміп еді.

Егер біз отызыншы жылдарда деревняда ескі капиталистік өндірістік қатнастардың орнына жаңа, коллективтік өндірістік қатнастар орнатпасақ, біздің ауыл шаруашылығымыздың өндіргіш күштері соңғы 20—25 жыл ішіндегідей мықтап дамып алмаған болар еді. Осындай өндірістік төңкеріс болмаса, біздің ауыл шаруашылығымыздың өндіргіш күштері кәзір капиталистік елдерде қатып-сөміп отырғаны сияқты қатып-сөміп еді.

СОКП XIX съезінде сөйлеген тарихи сө-

ұзындығының тең жартысынан артады. 1932 жылы кризис мықтап тереңдеген кезде АҚШ шойын өндіру жөнінде 1890 жылдың дәрежесіне, яғни 42 жылға, Англия 1856 жылдың дәрежесіне, яғни 76 жылға, Германия 1887 жылдың дәрежесіне, немесе 45 жылға кейін шегіндіріліп тасталды.

Жалпы кризис кезінде өндіріс құралдарын толық пайдалану, барлық жұмысшы күшін іске қосу капитализмнің қолынан келмейді. Капиталистік елдердегі кәсіпорындары үнемі толық қуатымен жұмыс істемейді, жұмыссыздардың тұрақты армиясының үнемі болып тұруы өндіргіш күштердің үздіксіз өркендеуін кідіргеді. Соғыстың алдындағы он жылда (1930—1939 жылдары) капитализмнің неғұрлым дамыған елдерінде орта есеппен әрбір бес жұмысшының бірі, ал, кризис жылдарында әрбір үш, тіпті екі жұмысшының бірі жұмыссыз қалып отырды. Кәзіргі уақытта АҚШ-та, Жапонияда, Англияда, Италияда, Бельгияда және Батыс Германияда толық және шінара жұмыссыздардың саны 32 миллионға жетеді.

Капитализм бейбітшілік жолымен өндірістің дамуын қамтамасыз ете алмайды. Соғысты, қарулануды және халық шаруашылығын милитарландырып, соғыс жолына түсіруді империалистер және олардың итаршылары өндірісті апаттан сақтаудың бірден бір жолы деп қарайды.

Өшүші таптардың қарсылық көрсетуіне қарамастан өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына міндетті сәйкестігінің заңы капиталистік елдерде өзіне жол салуға ұмтылуда. Реакцияшыл таптар ескі өндірістік қатнастарды сақтап қалуға тырысып, өздерінің мүддесін қорғайтын қондырманы бұл экономикалық заңның қыймылына қарсы кедергі жасау үшін пайдалануда.

Буржуазия феодалдық құрылысқа және оның ескі өндірістік қатнастарына қарсы күресі отырып, өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына міндетті сәйкестігінің экономикалық заңының талаптарын жүзеге асыруға жағдай жасаған кезде ол өзінің төңірігіне халықтың аздықтенті бірқатар топтарын жыйнап алды. Бұл буржуазиялық демократиялық өзгерістердің ойдағыдай жүзеге асырылуына көмекші болған шарттардың бірі болды. Ал, буржуазия реакцияшыл тапқа айналған кезде, ол өшіп бара жатқан капиталистік өндірістік қатнастарды сақтап қалуға әрекеттеніп, экономикалық заңның талаптарының жүзеге асырылуына барынша кедергі жасап отырған кезде буржуазия өзін барған сайын халықтың қалың бұқарасына қарсы қойып отыр. Мұның өзі буржуазияны әлсіретіп, оны апатқа душар ететін шешуші шарттардың бірі болып табылады.

Е. БӘЖЕНОВ.

дағы өндіріс — өмір келе жатқан қайшылықтарды деркесінде байқау және өндірістік қатнастарды өндіргіш күштердің өсуіне бейімдеу жолымен ол қайшылықтарды жоюға деркесінде шара қолдану»—деді И. В. Сталин (сонда, 70-бет).

Сталин жолдас өндіргіш күштер мен колхоздық-топтық меншіктің тар шеңбері арасындағы туып отырған қайшылықты данышпандық көрегендікпен ашты. Ол колхоздық-топтық меншік, товар айналысы, т. е. сыяқты экономикалық фактылар күшінде қалдырыла, қоғамның барлық керектерін өтей алатын өнім молшылығына жасауға да, «әркімге көрегіне қарай» деген формулаға көшуге де болмайтынын атап көрсетті.

И. В. Сталин ССРО-ның өндіргіш күштері мен өндірістік қатнастары арасында туып отырған қайшылықты уақытында ашып қана қойған жоқ, сонымен қатар оны шешудің жолдарын көрсетті. Сталин жолдас колхоздық меншікті жалыхалықтық меншіктің дәрежесіне дейін көтеру керек, ал, ол үшін бірте-бірте асықпай-социалистік өнеркәсіптің құлаш сермен өркендеуіне сәйкестендіре колхоз өндірісінің басы артық өнімдерін товар айналысы системасынан шығарып, оларды мемлекеттік өнеркәсіп пен колхоздар арасындағы өнім айырбасы системасына қосудан бастау керек, өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына міндетті сәйкестігі заңының саналуан талаптарының бүгінгі күнгі негізгі бір талабы, міне, осындай деді.

И. В. Сталин өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына міндетті сәйкестігі заңын білу жұмысшы партиясы саясатының аса маңызды ғылыми негіздерінің бірі болып табылады деді. Ұлы Сталиннің данышпандық қағидаларымен қаруланған, капитал үстемдік етіп отырған елдердегі коммунистік партиялар бұл заңды басшылыққа ала отырып, сол елдердегі еңбекшілер бұқарасын капиталистік төртінтерге қарсы күреске жұмылдыруда. Сол сыяқты, отар елдердің коммунистік және демократиялық партиялары феодалдық өндірістік қатнастардың қалдықтарына қарсы және басқа реакцияшыл күштерге қарсы күресуде.

Халықтық-демократия елдеріндегі коммунистік және жұмысшы партиялары Совет Одағының тәжірибесін пайдаланып, оның көмегіне сүйене отырып, өздерінің экономикасын социалистік жолмен қайта құру үшін күрес жүргізуде осы заңды пайдалануда.

Бұл заңды өзінің саясатында қолдана отырып, Совет Одағының Коммунистік партиясы коммунизм құрылысының ұлы программасын жүзеге асыруға еліміздің барлық еңбекшілерін жұмылдыруда.

Е. БӘЖЕНОВ.

теуге де қабілеті жетпейді».

Тольятти сөзінің қорытындысында Кунеоның тұрғын адамдарын демократияшыл бостандық пен елдің тәуелсіздігі үшін, бейбітшілік үшін нағыз күрескер — Коммунистік партия үшін дауыс беруге шақырды.

РИМ, 29 май. (СОТА). «Аванти» газеті демократияшыл ұйымдарға қарсы бағытталған үкімет орындарының жаңа

қан фашист Альмирангені жаппай ысқырып, оның сөйлеуіне ерік бермей, митингіні тастап кетуге мәжбүр еткен.

Миланда болған митингілердің бірінде сөз сөйлеген фашистік шешен халықтың паразылық білдіруінің нәтижесінде митингіні тастап кеткен. Мұнан әрі соқтығыстан қанып, полиция митингіні жапқан.

ФРАНЦУЗ ОҢШЫЛ СОЦИАЛИСТЕРІНІҢ САТҚЫНШЫЛЫҚ РОЛІ

ПАРИЖ, 29 май. (СОТА). Мұнда бұрын хабарланғанындай, Сена департаменті Коммунистік партиясының федерациясы жоғарыда көрсетілген департаменттің бас советі бюросын сайлау кезінде бірлесіп қыймылдауға социалистер партиясы федерациясының басшылығына ең рет хат жолдаған. Алайда, оңшыл социалистердің басшылары өздерінің жұмысшы табын бөлшектеу

жөніндегі әдеттегі саясатын жақтап, бұл ұсыныстан бас тартқан. Олар реакцияшыл партиялармен бірлесіп қыймылдауды мақұл көрген. Осының нәтижесінде бас советтің председателі болып социалист Кутро, оның орынбасары болып «тәуелсіздер», дегольшілдердің өкілі, сол сыяқты, секретарьлары болып жоғарыда көрсетілген партиялардың мүшелері сайланған.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

„ГЛАВКИНОПРОКАТТЫҢ“

Солтүстік Қазақстан облыстық бөлімшесі 1 июньнен бастап облыс кино театрының экрандарында түсті, көркемсуретті



ЖАМБЫЛ

кино фильмін көрсете бастайды.

Сценарий Н. Погодин мен Э. Тәжібаевтікі, постановкасы Е. Дзигандікі, режиссерлары: М. Бегалин, С. Деревянский, А. Левшин. Композиторлар: Н. Крюков пен М. Телебаев.

Басты рольде ойнаушылар: М. Геловани, Ш. Айманов, Қ. Жандарбеков, Қ. Бадыров, Ғ. Құрманғалиев, Г. Хованов, Э. Абхандзе және басқалар.

Фильмді Алматы киностудиясы 1952 жылы жасап шығарған. 1952 жылы көптеп шығарған «Главкинопрокат».

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.